


**DEXP**


**ПАЙДАНАШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**Тоңазытқыш**  
**DEXP**  
**RF-MN450DMA/SI**


# Қысқаша нұсқаулық




Тасымалданғаннан кейін құрылғыны 6 сағат бойына желіге қоспаңыз.




Құрылғыны пайдаланбас бұрын бүйірлік панельдегі мөлдір пленканы, бүкіл қаптаманы, пенопластты және бекітуге арналған жабысқақ таспаны алып тастаңыз.




Құрылғыны мұқият жуыңыз. Есіктің ілмектері жағынан есік тығызыдағышына және корпустың жоғарғы бөлігіне жағылған силикон майды жууға болмайды.




Құрылғыны үй-жай қабырғасына бүйір жағымен орнатқан кезде, есіктерін 90 градустан асатын бұрышқа ашу үшін жеткілікті орын болуын қарастырыңыз. Жоғарғы жағында, артқы және бүйір жағында кемінде 5 см бос орын болуы керек (Қосымша ақпарат алу үшін «Орнату» бөлімін қараңыз).



Құрылғыны тегіс қатты еденге реттегіш аяғының көмегімен туралау керек (Қосымша ақпарат алу үшін «Құрылғыны туралау» бөлімін қараңыз).




Құрылғыны розеткаға қосыңыз.  
Құрылғының штепсельдік ашасы еркін  
қолжетімділікте екеніне көз жеткізіңіз.




Реттегіш көмегімен ұсынылыған  
температураны баптаңыз (толығырақ  
ақпарат алу үшін «Пайдалану» бөлімін  
қараңыз).

\*Температураны реттегіштің түрі құрылғы  
моделіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.



Температураны орнатқаннан кейін, ішінде  
жұмыс температурасы орнатылуы үшін  
құрылғының 2-3 сағат жұмыс істейніne  
мүмкіндік беріңіз.



Азық-түлікті құрылғының ішіне салыңыз.



<b>ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ МАҚСАТЫ .....</b>	<b>6</b>
<b>ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ .....</b>	<b>6</b>
Сақтық шаралары .....	7
Осы өнімді пайдалану алдындағы .....	8
<b>ОРНАТУ .....</b>	<b>9</b>
Құрылғы схемасы.....	9
Құрылғыны туралау .....	10
Орнату бойынша ұсыныстар.....	10
<b>ПАЙДАЛАНУ .....</b>	<b>12</b>
Дисплей.....	12
Энергия үнемдеу .....	14
Азық-түліктерді тиімді сақтау .....	14
<b>КҮТИМ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ .....</b>	<b>15</b>
Күтім көрсету.....	15
<b>АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ .....</b>	<b>16</b>
<b>ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ .....</b>	<b>20</b>
<b>ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ .....</b>	<b>21</b>
<b>МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ (ТАСУ), ӨТКІЗУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ .....</b>	<b>22</b>
Орын алмастыру және тасымалдау .....	22
Кәдеге жарату .....	23
<b>ҚОСЫМША АҚПАРАТ .....</b>	<b>23</b>

## **Құрметті сатып алушы!**

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығаралатын өнімді сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бүйімдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңе қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бүйімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## **ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ МАҚСАТЫ**

Тоңазытқыш — жылу оқшауланған камерада төмен температуралы ұстап тұратын құрылғы. Ол әдетте тағамды немесе салқын жерде сақтауды қажет ететін заттарды сақтау үшін қолданылады.

## **ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ**

### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат берменіз. Балалардың жарақат алуы немесе құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Балалардың құрылғыны өз бетінше тазалауына және техникалық қызмет көрсетуіне жол берменіз.
- Балалардың құрылғының есіктеріне немесе есік контейнерлеріне асылып тұруына жол берменіз.
- Балалардың құрылғы ішіне кіруіне жол берменіз. Олар ішінде құлышталып қалуы мүмкін, сондай-ақ бұл жарақаттарға немесе тұншығу салдарынан өлімге әкелуі мүмкін.
- Балалардың суырмалы бөлікке аяқпен шығуына жол берменіз. Қақпақ сыйнып, нәтижесінде құлап кетуі мүмкін.

- Қауіпсіздік мақсатында құрылғыны орнату және пайдалану алдында барлық ескертупер мен ескертпелерді қоса алғанда, осы нұсқаулықты мүқият оқып шығыңыз.
- Осы құрылғыны пайдаланатын барлық адамдардың пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен және сақтық шараларымен танысып шықынана көз жеткізіңіз.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты құрылғының бүкіл қызмет ету мерзімі бойына сақтаңыз.
- Аспап корпусындағы жедету тесіктері ашық болуы керек. Оларды бітемеңіз.
- Ерітуді тездетуге арналған өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғылар мен басқа да құралдарды пайдаланбаңыз.
- Өндіруші оларды осылай пайдалануды ұсынбаған болса, құрылғы ішіндегі электр аспаптарын пайдаланбаңыз.
- Құрылғы ішіндегі шам ұзақ үақыт бойы қосулы болса, оны ұстамаңыз, себебі оның ыстық болуы мүмкін.
- Құрылғы ішінде аэрозольдер және т.б. сияқты жарылу қаупі бар материалдар салынған ыдыстарды сақтамаңыз.
- Салқындуат контурындағы изобутан тоқазыту агенті (R600a) экологиялық қауіпсіздігі жоғары табиғи газ болып табылады, дегенмен ол оңай жанады. Құрылғының тасымалдау және орнату кезінде тоқазыту агенті контурының компоненттері бүлінбегеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының құрылымына өзгерістер енгізуге тырыспаңыз.
- Бұл жабдық тұрмыстық және басқа үқсас жағдайларда қолдануға арналған, мысалы: дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс үй-жайларындағы қызметкерлерге арналған асүйде; фермалардағы, қонақ үйлердегі, мотельдердегі және басқа да тұрғын үй-жайлардағы тұрғын үйлерде; шағын («тунеу және таңғы ас» түріндегі) қонақ үйлерде; қоғамдық тاماқтану орындарында.
- Кез-келген электрлік компоненттер (штепсельдік аша, қуат сымы, компрессор және т.б.) дұрыс жұмыс істемеген жағдайда жарақат алуға жол бермеу үшін авторизацияланған сервистік орталықта ауыстырылуы керек.
- Құрылғымен бірге жиынтықта келетін шам басқа тұрмыстық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Қуат сымын ұзартуға болмайды.
- Қуат сымының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Зақымдалған қуат сымы қызып кетуі мүмкін және өртке немесе электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.
- Құрылғының штепсельдік ашасы еркін қолжетімділікте екенине көз жеткізіңіз.
- Егер электр розеткасы мықтап бекітілмеген болса, электр тогымен зақымдану қаупін болдырмау үшін оған штепсельдік ашаны тықпаңыз.
- Айтарлықтай салмағы болғандықтан, құрылғыны тасымалдау кезінде абай болыңыз.
- Үсіп қалмау үшін азық-түлікті құрылғыдан дымқыл қолмен алмаңыз.
- Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық, немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі түлғалардың пайдалануына арналмаған.

## Осы өнімді пайдалану алдындағы

- Құрылғыны қоспас бұрын, төлкүжат тақтайшасында көрсетілген кернеу мен жиілік желі сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы жерге түйікталған болуы тиіс. Егер электр розеткасы жерге түйікталмаған болса, білікті электршіге хабарласып, құрылғыны қолданыстағы нормаларға сәйкес бөлек жерге түйіктәңіз.
- Бекіту үшін барлық қаптаманы, пенопластты және жабысқақ таспаны алып тастаңыз. Құрылғының астына төсөніш жасау үшін орауыш пенопластты пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны қолданбас бұрын салқындау жүйесінің қалыпты жұмысына кедергі келтірмеуі және аспаптың қуат тұтынуын арттырмауы үшін бүйірлік панельдегі мөлдір пленканы алып тастаңыз.
- Жоғарыда көрсетілген сақтық шаралары сақталмаған жағдайда, өндіруші жауапты болмайды.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғыны орнату кезінде оның климаттық класын ескеру қажет.

Климаттық класс құрылғының корпусында орналасқан техникалық сипаттамасы бар құрылғының заттаңбасында көрсетілген. Құрылғыны белгіленген шектерден асатын температурада пайдалануға тыйым салынады. Климаттық класс құрылғыны пайдалану жағдайларын анықтайды.

Климаттық класы	Белгіленуі	Температура
Субқалыпты	SN	+10°C-ден +32°C-ге дейін
Қалыпты	N	+16°C-ден +32°C-ге дейін
Субтропикалық	ST	+10°-ден +38°C-ге дейін
Тропикалық	T	+16°C-ден +43°C-ге дейін

**Қалыпты** — бұл дүкендеріндегі тоқазытқыш құрылғылардың көпшілігін қамтитын әмбебап климаттық класс. Жазда температура 32 °C-ден асуы мүмкін оңтүстік аймақтардың тұрғындары үшін мұндай жағдайда құрылғыны тек желдетілетін бөлмеде пайдалануға болады. Қыс мезгілінде үй-жай міндетті түрде жылдылатын болуы тиіс.


Остандық өндіріс агрегаттарындағы N және SN «УХЛ» (қоныржай-салын климатқа арналған класс) таңбаламасына ие болуы мүмкін.

**Субқалыпты** — тоқазытқыш құрылғылардың бұл климаттық класы температурасы жайлы деңгейден төмен түсін мүмкін тұрақсыз жылдытуы бар үй-жайларға (жертөлелер, қосалқы бөлмелер, сүйк дәліздер) арналған.

**Субтропикалық** — жазда температура 32 °C-ден жоғары көтерілетін аймақтарға арналған.

**Тропикалық** — температурасы 40 °C-ден жоғары көтерілетін оңтүстік аймақтарға немесе ерекше жағдайлары бар үй-жайларға (оңтүстік жағы, кондиционері жоқ, ауданы аз) арналған.

## Құрылғы схемасы



1. Көмескі жарық.
2. Шыны сөрелер.
3. Көкөністер мен жемістерге арналған себет.
4. Есік науалары.
5. Жылжымалы бөліктер.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**


Барлық суреттер мен схемалар танысу мақсаттарында берілген және шынайы құрылғыдан өзгешеленуі мүмкін.

## Құрылғыны туралау

Құрылғыны тегіс, қатты еденге туралау керек. Бұл талапты сақтамау құрылғының бұзылуына немесе зақымдарға ақелу мүмкін.

- Құрылғы бос болғанда туралау керек. Құрылғының ішінде азық-түліктөр жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Алдыңғы жағы артқы жағынан сәл жоғары болуы керек.

Аяқты/аяқтарды реттеу үшін құрылғыны сәл еңкейтіңіз. Құрылғының алдыңғы бөлігін көтеру үшін аяқтарды/аяқты сағат тілімен бұраңыз, ал тәмен түсіру үшін тәмендегі суретте көрсетілгендей, сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.




## Орнату бойынша ұсыныстар


- Бұл құрылғы үнемі жұмыс істейтін аспап болып табылады және өзіне тән дыбыстарды шығарады, сондықтан оны демалуға және үйіктауға арналған жерлерге орнатпаған жөн.
- Құрылғының сыртқы жағындағы домалақ жапсырмаларды алмаңыз. Олар технологиялық саңылауларды жауып, сәндік функциясын орындаиды.
- Қолданбас бұрын құрылғыны мұқият жұныңыз. Тығыздығышқа және корпустың жоғары бөлігіне есік ілмектері жағынан жағылған силикон майды жууға болмайды. Қақлақ жабылған кезде май тығыздығыш кептелуінің алдын алады.
- Кейбір модельдерде сөрелердің алдыңғы бөлігінде (металл түсті) мөлдір қорғаныс пленкасы жабыстырылған, оны қолдану алдында алып тастау ұсынылады.
- Құрылғыны жылжыту құрылғыларының жанына және тікелей күн сәулесі астына, сондай-ақ ылғалдылығы жоғары жерлерге орнатпаңыз.
- Нұсқаулықта көрсетілген электр тогының кернеуі Сіздің үйіңіздің желі параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Қуат кабелін электр розеткасына қосыңыз. Осы розеткаға басқа электр аспаптарын қоспаңыз.
- Құрылғыны бірінші рет орнатқан кезде, оның ішіндегі жұмыс температурасын орнату үшін 2-3 сағат жұмыс істеүіне мүмкіндік беріңіз, содан кейін ғана оны балын немесе мұздатылған азық-түлікке толтырыңыз. Құрылғыны желіден ажыратқаннан кейін оны кемінде 5 минуттан кейін қайта қосқан жөн. Әйтпесе, ол істен шығуғы мүмкін.
- Құрылғыны үй-жай қабырғасына бүйір жағымен қабырғаға орнатқан кезде, сөрелер мен жәшіктерді шығарып алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін есіктерді 90 градустан асатын бұрышқа ашу мақсатында жеткілікті орынның болуын қарастырыңыз.

## **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Аспап пен басқа зат арасындағы жеткіліксіз қашықтық қуат тұтынұды арттырып, аспалтың мұздату қабілетінің нашарлауына әкелуі мүмкін. Бұйымды орнату кезінде ең жақын қабырғаларға және басқа заттарға дейін кемінде 50 мм қашықтықты қамтамасыз ету қажет.



## Дисплей



### Басқару түймелері


- Тоңазытқыш бөлігінің температурасын реттегіш.
- Мұздатқыш камерасының температурасын реттегіш.
- Бұғаттау/бұғаттан шығару

### Индикаторлар

1-4 — тоңазытқыш бөлігіндегі салқындану құатын минимумнан максимумға (температура 2-ден 8 °C-ге) дейін реттеу.

5-8 — мұздатқыш бөлігіндегі салқындану құатын минимумнан максимумға (температура -12-ден -24 °C-ге) дейін реттеу.

Температуралы өзгерту үшін түймені (A — тоңазытқыш бөлігін реттеген кезде, B — мұздатқыш бөлігін реттеген кезде) басыңыз. Түймені басқан сайын температура 1 °C-ге өзгеретін болады.



Көршаган ортаның жоғары салқыннату қуатында, мысалы, жаздың ыстық күндерінде, максималды салқыннату қуатын орнату қажет болуы мүмкін («MAX»). Егер салқыннату қуатын максималды мәннен жоғары етіп орнатсаңыз, Сіз салқыннату жылдамдығын да арттырасыз. Бұл ретте компрессор тоқазытқышта төмен температуралы ұстап тұру үшін үнемі жұмыс істейтін болады. Тоқазытқышты бірінші рет пайдаланған кезде температуралы «MID» күйіне орнатыңыз. Азық-түлікті тоқазытқышқа салмас бұрын, ол толығымен салқындағанша күтіңіз.

Оны қосқаннан соң пайдалануды 24 сағаттан кейін бастаған жөн.

### **Бұғаттай/бұғаттан шығару**

Бұғаттан шығару: «FRIDGE» және «FREEZER» (С) түймелерін 2 секундқа басыңыз, барлық түймелер дыбыстық сигналдан кейін бұғаттан шығарылады.

Бұғаттай: «FRIDGE» және «FREEZER» (С) түймелерін 2 секундқа басыңыз, барлық түймелер дыбыстық сигналдан кейін бұғатталады.

30 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, дисплей автоматты түрде бұғатталады.

### **Ақаулықтар**

Дисплейде пайда болатын келесі ескертпелер тоқазытқыштың сәйкес ақаулықтарын көрсетеді. Тоқазытқыштың келесі ақаулармен сүйк сақтау функциясына ие болуы мүмкін екенине қарамастан, пайдаланушы құрылғының оңтайлы жұмысын қамтамасыз ету мақсатында техникалық қызмет көрсету үшін техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманға жүгінүү тиіс.

Қате коды	Қате сипаттамасы
1 және 8 индикаторлары жыптылықтайды	Тоқазытқыш камерасының температура датчигінің қатесі
2 және 8 индикаторлары жыптылықтайды	Мұздатқыш камерасының температура датчигінің қатесі
4 және 8 индикаторлары жыптылықтайды	Тоқазытқыш камерасының еріту датчигінің қатесі
5 және 8 индикаторлары жыптылықтайды	Мұздатқыш камерасының еріту датчигінің қатесі
6 және 8 индикаторлары жыптылықтайды	Байланыс қатесі
7 және 8 индикаторлары жыптылықтайды	Көршаган ортаның температура датчигінің қатесі
1-ден 7-ге дейінгі индикаторлар жыптылықтайды	Ұлғалдылық датчигінің қатесі

## Энергия үнемдеу

- Құрылғы ішіне ыстық тағамды салмаңыз. Бұл конденсат пен мұздың пайда болуына, компрессор қозғалтышының қызып кетуіне және бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Азық-түліктерді бір-біріне жақын орналастырмаңыз, себебі бұл ая айналымын азайтады.
- Азық-түліктерді артқы қабырғаға жақын қоймаңыз. Еркін ая айналымы камераның бүкіл көлемінде біркелкі температуралы ұстап тұруға мүмкіндік береді. Мұндай саңылауларға жақын орналастырылған азық-түліктер берілетін ауаның төмен температурасы әсерінен бұзылуы мүмкін.
- Электр тогы өшіп қалса, құрылғының есігін ашпаңыз.
- Құрылғының есігін өте жиі ашпаңыз.
- Есікті ұзақ уақыт ашық күйінде қалдырмаңыз.
- Термостатта тым төмен температуралы орнатпаңыз.
- Сақтау көлемін ұлғайту және қуат тұтынуды азайту үшін кейбір аксессуарларды (мысалы, жәшіктер мен сөрелерді) алып тастауға болады.

## Азық-түліктерді тиімді сақтау

- Мұздатылған азық-түліктерді өндірушінің ұсыныстарына сәйкес сақтаған жөн.
- Мұздатқыш камера балғын азық-түліктерді мұздатуға, мұздатылған азық-түліктерді және терең мұздатылған азық-түліктерді ұзақ уақыт бойы сақтауға арналған.
- Бірінші рет қосқан кезде немесе егер құрылғы ұзақ уақыт бойы өшіп тұрған болса, мұздатқыш камераға азық-түліктерді салмас бұрын, құрылғыны 2-3 сағат бойы жұмыс істеп тұрған күйінде қалдырыңыз.
- Мұздатылған немесе салқындантылған азық-түліктерді саңылаусыз контейнерлерде сақтаңыз.
- Азық-түліктерді құрылғы ішіне салмас бұрын, жарамдылық мерзімі мен заттаңбасын (сақтау жөніндегі нұсқаулықты) тексеріңіз.
- Құрылғы ішінде банан мен қауын сияқты төмен температурада тез бұзылатын азық-түліктерді сақтау ұсынылмайды.
- Шыны бөтелкелерді мұздатқыш бөлімінде сақтамаңыз — мұздау кезінде олар жарылып кетуі мүмкін.
- Көкөністерді сақтау үшін газетке орамаңыз. Газеттерді шығаруда қолданылатын баспа бояуы мен басқа материалдар азық-түлікті бұлдірүі мүмкін.
- Құрылғының ішкі кеңістігін сауатты пайдалану құрылғының ұзақ уақыт бойы тиімді жұмыс істеуіне кепілдік береді. Тоңазытқыш қондырғысының тиімділігін және салқындантылған ауаның кедергісіз айналымын сақтау үшін құрылғы камераларын кем дегендे 50%-ға және 75%-дан асырмай толтырыңыз.

Құрылғыны жуу кезінде ол құат көзінен ажыратылған болуы тиіс. Құрылғыны өшіріп, штепсельдік ашаны розеткадан сұрырыңыз. Құрылғыны жуу үшін бу тазартқыштарды пайдаланбаңыз. Ыстық бу пластик компоненттерін зақымдауы мүмкін, ал ылғал электронды компоненттерге тиоі мүмкін.

### АБАЙЛАҢЫЗ!

Аспаптың ішін немесе сыртын тазалау кезінде:

- жанғыш заттарды қамтитын тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз: спирт (этанол, метанол, изопропил спирті, изобутил спирті және т.б.), еріткіш, бензин, бензол және т.б.;
- құрамында үрпілі немесе ағартқыш заттар бар тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз, олар түссізденуге немесе аспаптың зақымдануына әкелуі мүмкін.

- Азық-түліктерді құрылғыдан салқын жерге алып қойыңыз.
- Еріген суға арналған ағызғышты тұрақты тексеріп отырыңыз. Қажет болса, ағызғышты тазалаңыз, себебі ол бітелген болса, құрылғының төменгі жағына су жиналады.
- Құрылғының ішкі жағынан сөрені немесе жәшікті алып тастамас бұрын, онда сақталған барлық азық-түліктерді жарақаттанбау немесе құрылғыға зақым келтірмеу үшін шығарып алыңыз.
- Қайтадан құрылғының ішіне салмас бұрын, сөрелер мен жәшіктерді жақсылап жуыңыз және құрғатыңыз.
- Есіктің тығыздағышын дымқыл, жұмсақ шүберекпен үнемі сүртіп отырыңыз.
- Сөрелерді немесе жәшіктерді ыдыс жуғыш машинада жууға тыйым салынады. Бұл бөлшектердің жоғары температуралың әсерінен пішімі өзгеруі мүмкін.
- Құрылғыны сыртқы және ішкі жағынан сүйық жуғыш затпен, жылы суға малынған таза шүберекпен жуу керек, содан кейін майлықпен құрғатып сұрту қажет.
- Тазалағаннан кейін желі сымы зақымдалмағанын тексеріңіз. Содан кейін штепсельдік ашаны электр розеткасына мықтап тығыңыз.

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Аспап ақаусыз әрі ұзақ қызымет көрсету үшін құрастырылған және дайындалған. Егер жұмыс кезінде ақау туындаса, оның ықтимал пайдалану қатесіне байланысты туындағанын тексеріңіз. Егер ақау шешімі құрылғының дұрыс жұмыс істеуіне алып келмесе және Сіз ақаулықты өзіңіз шеше алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүргініңіз.

Ақаулар	Ықтимал себептері	Шешімі
Құрылғы шулы жұмыс істейді және әдеттен тыс дыбыстар шығарды	Құрылғы тегіс емес бетке орнатылған/тиісті түрде тураланбаған	Аспапты қатты және тегіс жерге орнатыңыз
	Құрылғының артқы қабырғасы жарға тиіп тұр	Орнату орнын құрылғының айналасында жеткілікті бос кеңістік қамтамасыз етілетіндей етіп таңдаңыз
	Құрылғының артында қандай да бір заттар бар	Құрылғының артындағы заттарды алып тастаңыз
	Құрылғыда бөгде заттар сақталауды	Құрылғыда орналасқан барлық заттарды алып тастаңыз
Сыртылдаған дыбыстар	Еруді басқару процесі автоматты түрде іске қосылған және еру процесі аяқталған кезде шерту дыбыстарымен қоса берілуі мүмкін; термореттегіштік жұмысы да қосу және өшіру кезінде шерту дыбыстарымен қоса беріледі	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді
Сылдышлау	Сылдырлаған дыбыстардың көзі тоқазыту агенттінің ағыны болуы мүмкін	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді
	Құрылғыда немесе оның жаһында сақталатын заттар	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді
	Құрылғы еденге түзу орнатылмаған	Құрылғының аяқтарын/аяғын реттеңіз. «Орнату» белімін қараңыз
	Сызықтық компрессоры бар құрылғы пайдалану кезінде жылжытылған	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді. Егер компрессор 3 минуттан кейін сыртылдауын тоқтатпаса, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз да, қайтадан қосыңыз
Ызылдаған дыбыстар	Салқындану жүйесі арқылы тоқазыту агенттінің ағыны	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді

Ақаулар	Ұқытмал себептері	Шешімі
Сартылдаған дыбыстар	Температураның өзгерүі салдарынан ішкі қабырғалардың қысылуы және кеңеоі	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді
Шұылдаған дыбыстар	Буландырғыш желдеткішінің электр қозғалтқышы тоңазытқыш пен мұздатқыш камерасындағы ая айналымын қамтамасыз етеді	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді
	Ая желдеткіш көмегімен конденсатордан шығарылады	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді
Дыбыстар мен діріл	Егер құрылғының бүйір немесе артқы қабырғасы үй-жайдың қабырғаларына немесе шкафтың қабырғаларына тиетін болса, бұл тіпті қалыпты діріл деңгейінде де шу шығару себебі болуы мүмкін	Шуды болдырмау үшін құрылғының бүйір және артқы қабырғалары үй-жайдың қабырғасына немесе шкафтың қабырғаларына тимейтініне көз жеткізіңіз
Электр желісіне қосылған құрылғы жұмыс істемейді	Қуат іркілісі	Кернеуді тексеріңіз
Құрылғы нашар салқын-датады/мұздатады	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөлімінде тым жоғары температура орнатылған	Тоңазытқыш пен мұздатқыш бөліміндегі температураны орташа деңгейге орнатыңыз
	Құрылғы тікелей күн саулерінің астында орнатылған немесе жылытықшы сияқты жылу көздеріне тым жақын орналасқан	Орнату аймағын тексеріңіз. Құрылғыны жылу көздерінен мүмкіндігінше алыс орнатыңыз
	Ыстық тағамдарды сақтау	Ыстық тағамдарды құрылғыға салмас бұрын, оларды бөлме температурасына дейін сұтыныз
	Құрылғы азық-түліктеге толы	Құрылғы ішінде сақталатын азық-түліктер арасында жеткілікті кеңістік болуын қамтамасыз етіңіз
	Құрылғының есіктері тығыз жабылмаған	Есіктерді мықтап жабыңыз және азық-түліктер есіктердің жабылуына кедерігі келтірмейтініне көз жеткізіңіз
	Құрылғының айналасында бос орын аз	Құрылғыны оның айналасында жеткілікті бос орын болатындей етіп орнатыңыз. «Орнату» бөлімін қарашыз

Ақаулар	Ұқытмал себептері	Шешімі
Құрылғы ішінде жағымсыз иіс	Тоқазытқыш немесе мұздатқыш бөлімінде температура дұрыс орнатылмаған	Тоқазытқыш пен мұздатқыш бөлімінде температуралы орташа деңгейге орнатыңыз
	Іісі бар азық-түліктерді ашық түрде сақтау	Қатты іісі бар азық-түліктерді арнайы контейнерлерде сақтаңыз
	Ішінде бүлінген азық-түліктірдің бар-жоғын тексеріңіз	Бүлінген азық-түліктерді тастаңыз және көкөністер мен жеміс-жидектерді сақтауға арналған жәшікті тазалаңыз. «Құтім және қызмет көрсету» бөлімін қараңыз. Азық-түлікті тым ұзақ сақтамаңыз
Ішкі жарықтандыру жоқ	Жарықдиодты шамның ақаулығы	Егер жарықдиодты шам жанбаса, сатушыға немесе авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз
Құрылғы ішінде немесе көкөністерге арналған жәшік қақпағының түбіндегі конденсат	Ұыстық тағамдарды сақтау	Азық-түліктерді тоқазытқыш немесе мұздатқыш камераға салмас бұрын салқындастыңыз
	Құрылғының есігі ашық қалған	Құрылғының есігі жабылғаннан кейін көп ұзамай конденсат булаңып кететініне қарамастан, оны құрғақ майлықпен сүртіп тастауға болады
	Құрылғының есіктері тым жиі ашылады	Конденсат құрылғы ішінде және сыртындағы температуралың айырмашылығына байланысты пайда болуы мүмкін. Ұлғалды құрғақ майлықпен сүртіңіз
	Құрылғының ішінде саңылаусыз контейнерлерде жылы немесе дымқыл азық-түліктер сақталады	Азық-түліктерді жабық немесе саңылаусыз контейнерлерде сақтаңыз
Мұздатқыш камерада мұздық пайдада болды	Есік тығыз жабылмаған	Құрылғы ішінде азық-түліктің есікті жабуға кедергі келтірмейтінін қадағалаңыз, есіктің тығыз жабылғанын міндетті түрде тексеріңіз.
	Ұыстық тағамдарды сақтау	Азық-түліктерді тоқазытқыш немесе мұздатқыш камераға салмас бұрын салқындастыңыз
	Мұздатқыш камерасының ауаны беру және шығару арнасы бітелген	Құрылғы ішіндең ауа айналымын қамтамасыз ету үшін ауаны кіргізу және шығару саңылауларының бітеліп қалмауын қадағалаңыз
	Мұздатқыш камера толы	Азық-түліктер арасында жеткілікті орынды қамтамасыз етіңіз

Ақаулар	Ұқытимал себептері	Шешімі
Құрылғының бүйір немесе алдыңғы қабырғалары жылы	Құрылғының бүл бөліктері есік айналасындағы конденсатты азайту үшін конденсатқа қарсы тұтіктермен жабдықталған	Конденсаттың пайда болуын болдырмау үшін жылу шығаралын тұтік құрылғының алдыңғы және бүйір бөліктеріне орнатылған. Орнатқаннан кейін бірден немесе жаз айла-рында ол өте қатты қызыу мүмкін. Бүл ақаулықтың белгісі емес екеніне сенімді болуға болады
Құрылғының қабырғала-ры қыздады	Құрылғыны сатып алғаннан кейін қосу, құрылғыны ерітілгеннен кейін қосу	Құрылғы дұрыс жұмыс істейді. Мұн-дай жағдайларда камералардағы температуралы мүмкіндігінше тез төмendetу үшін ол толық қуатта жұ-мыс істейді
Құрылғының есігі тығыз жабылмайды	Құрылғылар алға қарай қисайған	Құрылғының алдыңғы жағын көтеру үшін алдыңғы аяқтарын реттеңіз
	Сөрелер дұрыс салынбаған	Сөрелердің құрылғыға соңына дейін салынғанын тексеріңіз
	Есік шамадан тыс күшпен жа-былған	Есікті жаба кезінде тым көп күш жұм-салса, ол инерция арқылы қайта ашылуы мүмкін. Есікті сартылдат-паңыз
Есіктің ашылуы қыын	Есік жабылғаннан кейін бірден ашылған	Құрылғының есігін жапқаннан кейін 1 минут ішінде ашу құрылғының ішіндегі және сыртындағы қысым айы-рмашылығы салдарынан қыындауы мүмкін. Құрылғының есігін құрылғы ішіндегі қысым деңгейі тұрақтанғаннан кейін, сәл кейінірек ашуга тырысып көріңіз
	Құрылғының есігінде тым көп азық-түліктер сақталады	Құрылғы есігіндегі азық-түліктер са-нын ашайтыңыз
Құрылғының ішінде не-месе сыртында қыраудың немесе конденсаттың пай-да болуы	Құрылғының есіктері тым жиі ашылып-жабылады	Егер құрылғы ішіне ауа кіретін болса, қырау мен ылғал пайда болуы мүм-кін. Есіктерді мықтап жабыңыз және азық-түліктер есіктердің жабылуына кедерігі көлтірмейтініне көз жеткізіңіз
	Құрылғы ылғалдылығы жоғары үй-жайда орнатылған	Егер құрылғы ылғалдылығы жоғары үй-жайда орнатылған болса, конден-сат пайда болуы мүмкін. Ылғалды таза майлықпен сүртіңіз
Құрылғының ішіндегі не-месе сыртындағы су	Құрылғының жанында судың ағуы	Шұңғылшадан немесе басқа жерлерден су ақпайтынан тексеріңіз
	Құрылғы түбіндегі су	Судың азық-түліктердің еруі, контейнердің бүлінің немесе сынуы салда-рынан пайда болатынан тексеріңіз

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгісі	RF-MN450DMA/SI
Климаттық класы	SN/N/ST/T
Токпен зақымданудан қорғаңыс класы	I
Энергетикалық тиімділік класы	A+
Желі кернеуі (В)	220-240
Жиілік (Гц)	50
Құатты тұтыну	170
Еріту кезіндегі құаты (Вт)	250
Атаулы ток күші (А)	1,8
Энергия тұтынуы (кВт*сағ/24 сағ)	0,95
Энергия тұтынуы (кВт*сағ/жыл)	347
Жалпы көлемі (л)	466
Жалпы пайдалы көлемі (л)	450
Мұздатқыш камерасының пайдалы көлемі (л)	153
Тоңазытқыш камерасының пайдалы көлемі (л)	297
Тоңазыту агенті және оның массасы (г)	R600a/58
Мұздату қабілеттілігі	10 кг/24 сағ
Таза салмағы (кг)	90
Шу деңгейі (дБ)	38
Көпірткіш	Циклопентан
Габариттері (ExΥхБ) (см)	83,3 x 66,3 x 177,5


энергетическая эффективность  
энергетикалық тиімділік

Производитель/өндіруші

Модель/ұлғасы

**DEXP**

RF-MN450DMA/SI



РАСХОД  
ЭЛЕКТРОЭНЕРГИИ /  
ЭЛЕКТР  
ҚУАТ ШЫҒЫНЫ

**347**  
кВт·ч/год\*



**297 ₸**



**153 ₸**



**38 дБ**

\*кВт·сағ/жыл

## **МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСУ (ТАСЫМАЛДАУ ), САТУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ**

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5°C -ден 40°C-ге дейінгі ауа температурасында және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тұдыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы үқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңын, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереге авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

### **Орнын ауыстыру және тасымалдау**

Құрылғының дұрыс тасымалдануын қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды сақтау қажет:

- құрылғыдан барлық азық-түліктерді шығарып алыңыз. Содан кейін скотчтің көмегімен серелер мен есік тұтқалары сияқты барлық осал бөлшектерін алдың-ала бекітіп алып, аспапты жылжытыңыз;
- құрылғының есіктерін мықтап жабыңыз және тасымалдау кезінде ашылмауы үшін оларды жабысқақ таспамен бекітіңіз;
- құрылғының жұмысқа жарамдылығы мен сыртқы түрін сақтау үшін оның қаптамасының дұрыстырылуына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканы сыни жерлерде гофрленген картоннан жасалған астарлары бар полиэтилен немесе бұдырлы пленкаға орау қажет);
- тасымалдау кезінде машинаның ішіндегі соққылар мен құлаудың алдын алу үшін бұл құрылғыны машинаға мықтап бекіту керек;
- сыртқы ортаның әсерін толығымен жою үшін тек жабық көлікті пайдаланыңыз;
- тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптаманың өте сақтықпен қаралуын қамтамасыз етіңіз;
- тасымалдау және орнату кезінде аспап элементтерінің ешқайсысы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**


Аспапты тасымалдау тік қалыпта жүзеге асырылуы тиіс. Егер аспапты тасымалдау көлденең қалыпта жүзеге асырылса, онда келесі қосу алдында ол тігінен кемінде алты сағат тұруы тиіс, олай болмаған жағдайда, бұл құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Ескі тоңазытқыш құрылғыларының қалдық құны бар. Кәдеге жаратудың экологиялық тәсілі құнды шикізаттың қайта өндөліп, екінші рет пайдаланылатынына кепілдік береді. Құрылғының тоңазыту агенті мен оқшаулағышы арнайы түрде кәдеге жаратылуы тиіс. Құрылғыны кәдеге жаратпас бұрын, салқындану жүйесінің тұтіктері зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

Ескі тоңазытқыш құрылғы мен жаңа құрылғының қаптамасын кәдеге жарату тәсілдері туралы ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан алуға болады.

Кәдеге жарату кезінде құлыптар мен ілмектерді сыңдырыңыз, сондай-ақ қауіпсіздік мақсатында есіктерін шешіп алыңыз.

### Дұрыс кәдеге жарату



Тауардағы немесе оның қаптамасындағы берілген таңбалама осы тауардың басқа түрмистық қалдықтармен бірге кәдеге жаратылмасы тиіс екенін білдіреді.

Бұйымды дұрыс кәдеге жарату қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті теріс әсердің алдын алуға көмектеседі, ал материалдарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі.

Ескі жабдықты экологиялық таза түрде кәдеге жарату үшін пайдаланылған аспаптарды жинаудың арнайы жүйесін қолданыңыз немесе тауар сатып алынған дүкенге жүгініңіз.

Бұйымды қайта өңдеу туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық басқармадан немесе тауар сатып алынған дүкеннен алуға болады.

## ҚОСЫМША АҚПАРАТ

**Өндіруші:** Хэфэй Хуалин Ко., Лтд.

Цзиньсю 176 тас жолы, экономикалық-технологиялық аймақ, Хэфэй, Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAQAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылды Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011;
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехника және радиотехника бүйімдарында қауілті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАӘО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Құрылғының сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жиынтықтамасы алдын-ала ескертүсіз өзгерілігі мүмкін.



Өндіріс күні пайдалануши нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.5

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен іsten шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе аудиостыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе аудиостыру үекілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізледі.

Кепілдік мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды аудиостыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған құват элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпараттасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:**

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктеге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндеттіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұбықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім іесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындағы жұмыстарды жүргізуге үәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушігіне тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындағаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сыйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың тұсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сыйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сыйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшиліктер) зиянды бағдарламалық қамтамаың; БК ұсынуышсының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындағаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмейінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідері әкіпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындағаса.
- Егер кемшиліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.





**www.dexp.club**